Арзиева Евгения Руслановнаның
«6Д011800 – Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемдерінің проспективті негіздерінің мағынасы» атты докторлық диссертациясына берілген

Аңдатпа

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Антропоцентризм қағидасына негізделген қазіргі мәдени парадигма көркем әдебиетті бір уақытта лингвистикалық және әдебиеттану тұрғысынан жаңа әдіспен зерттеуді бағыттайды, сол себепті зерттеуші үшін оның ғылыми зерттеу нәтижесінің толық және объективті болуын қамтамасыз етеді. XX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XI ғасырдың басы аралығында отандық және шетелдік, соның ішінде ресейлік және қазақстандық лингвистика саласында аталған зерттеу түрлерініңі көрнекі теориялық базасы калыптасты. Лингвистикалық дереккөздерін талдау зерттеу мүмкіндігінің себеп болатын, соның ішінде ықтимал әлем семантикасына кескіндейтін темпоралды семантика секілді бірнеше бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі көркем әдебиетте көркем әлемді зерттеу мәселесі әдебиеттану еңбектерінде тиянақты және жете қарастырылған. Әдебиеттану тұрғысынан ол көптеген шетелдік (В. Лурье, У. Эко), сонымен қатар отандық Қазақстан ғалымдарының (В.В. Савельева, С.Д.Абишева, Л.Ф. Сафронова) еңбектерінде шешімін тапқан. Аталған ғылыми парадигмаға лингвистикалық талдау әдістемелерінің қосылуы антропоцентризмнің жаңа қағидаларына негізделген отандық әдебиеттану мектептерінің қалыптасуын жалғастырып қана қоймай, соңғы әлемдік филологиялық үрдісін ескере отырып дамуға жаңа шабыт береді.

Тақырыптың өзектілігі. Жұмыс проспективті мағынаны қайта құруға арналған вербалды құралдарды зерттеу негізіндегі көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемнің мағыналық моделдерін анықтау мәселесіне арналған.

Автордың анықтауынша, тілдік материал жан-жақты және филологиялық тұрғыдан қарастырылып отыр, яғни нәтижесінде аталған материал постмодернисттік парадигма тұрғысынан талданып, жаңа қорытындыларды алуға мүмүкіндік беріп отыр, сонымен қатар бұл амал-тәсіл осы зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының мәнмәтіні бойынша болашақты көрсететін тілдік бірліктерінің қызметін зерттеу, соның ішінде көркем әдеби мәтініндегі проспективті мағынаны сараптау еңбектің маңыздылығын арттырады.

Лингвистикалық зерттеу көздеріне жүргізілген талдау «ықтимал әлем» ұғымын анықтаудағы терминдік бірізділіктің жоқтығын көрсетеді. Ықтимал әлем мәселесіне қатысты көптеген еңбектердің қолданыста болғанымен, лингвистика саласында осы күнге дейін мағыналық белгі бойынша ықтимал әлемнің бірыңғай типологиясы берілмеген, сонымен қатар оның онтологиялық, эпистемиологиялық және аксиологиялық дәрежелері

анықталмаған. «Ықтимал әлем» ұғымы, ең алдымен, болашақты белгілейтін мағынамен байланысты болатыны анық. Синхрондық және диахрондық тұрғыдан тілдік материал негізінде жеткілікті дәрежеде зерттелген дербес семантикалық сала ретінде, футуралды және оның бөлшегі сипаттағы ықтимал әлем жиынтығында оны түсіндіру мәнмәтініндегі проспективті мағына өзіндік лингвистикалық ерекше құбылысретінде негізделген анықтама алуы тиіс, яғни аталған зерттеу жұмысы осы мақсатқа бағытталған. Постмодернисттік сана мәнмәтінінде тарихитұрғыдан есептелетін ғасырлық мәліметтер уақыт аясында шектеусіз болып табылады. Жарыспалы әлемдерді құрастыру, темпоралды синкретизм, кеңістік шекаралардың жойылуы әртүрлі ф ормалар мен құрылымдарда берілген проспективті мағына арқылы жинақталған ықтимал әлемді анықтайтын тілдік бірліктер санының туындауына септігін тигізеді, яғни қойылған мақсатты іске асыруға және зерттеуде айқындалған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ықтимал әлем теориясы тұрғысынан берілген көркем әдеби мәтіндердің тілдік құралдары негізінде проспективті зерттеуге бағытталған; мәселе аясында жүргізілген ғылыми зерттеулерді ескере отырып, көркем әдеби мәтінін лингвистикалық тұрғыдан талдауда өзгеше амал-тәсілдерді жүзеге асыру көзделген.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – қазіргі көркем мәтіннің идеялық түпкі ойын қайта жаңғыртатын ықтимал әлем мәнмәтіндегі проспективті мағынаға жүйелі сипаттама беру және үйренушілердің зияттық типтерін ескере отырып ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибе жүзінде тексерілген жоғары оқу орындарында көркем мәтінді филологиялық талдауға оқыту әдістемелік жүйесін жүзеге асыру.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – қазіргі көркем әдеби мәтінінің тың идеялық ойын құрастыратын ықтимал әлем мәнмәтінінде проспективті мағынаның жүйелі анықтамасын беру.

Аталған мақсатқа қатысты келесі **зерттеу міндеттері** анықталады:

1) Проспективті мағына мен осы ұғымға байланысты сабақтас сөздердің анықтамасын нақтылау;

2) Виртуалды кеңістікті моделдеу барысындағы проспективаның маңыздылығын дәлелдеу;

3) Көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлем проспективасына негізделген онтологиялық, эпистемиологиялық және аксиологиялық мағынаны қайта құратын вербалды құралдар жиынтығы көрсету;

4) Көркем әдеби мәтініндегі виртуалды кеңістіктің проспективасына негізделген моделдеу амал-тәсілдерін айқындау;

5) Көркем әдеби мәтініндегі негізгі идеяның қалыптасуында орын алатын ықтимал әлемді қайта құратын проспективаның қызметін анықтау;

6) Говард Гарднердің зияттық көптігі теориясы негізінде филолог студенттерді көркем мәтінді филологиялық тұрғыдан талдауға үйрету әдістемесін әзірлеу және ұсынылған оқыту жүйесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Зерттеу нысанына алдыңғы іс-әрекет келесі шақта жалғасын табатын екі

уақыт жоспарының жиынтығы ретінде берілетін проспективті мағына жатады.

Зерттеу тақырыбы − көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлемді іске асыратын проспективті мағынаның түрлі деңгейдегі тілдік құралдары.

Деректі материалға проспективті мағынаға негізделген ықтимал әлемді қайта құратын тілдік құралдар кешені жатады. Тілдік құралдар ретінде эксплицивті жолмен қатар имплицивті түрде берілетін және ықтимал әлемді тудыратын проспективті мағынасы бар бөлек мәтіндер үзінділері мен тілдік элементтер қарастырылды. Деректі материалды жинау нәтижесінде зерттеу нысаны ретінде көркем әдебиет туындылары мәтіндерінен алынған үзінділер сараланып іріктелген, көлемі 1256 тілдік бірлікті құрайтын картотека жиналды. Деректі материалды жинау жаппай іріктеумен қатар таңдамалы әдістер қолданылды. Солардың ішінен диссертациялық зерттеуде 647 тілдік бірлік жеке талданды.

Зерттеу базасына түрлі жанрдағы қазіргі әдебиет туындылары жатады. Солардың ішінде көркем прозаға Б.Акуниннің «Внеклассное чтение» романы, В.Пелевинің «Принц Госплана» повесі, М.Веллердің «»Колечко» мен И.Одеговтың «Пуруша» әңгімелері, деректі көркем прозаға С. Алексиевичтің «Чернобыльская молитва (хроника будущего)» шығармалары жатады.

Қосымша деректі материалдар дереккөздеріне түсіндірме сөздіктері алынды.

Зерттеу гипотезасын ықтимал әлем мағынасының құрылуына септігін тигізетін проспективті мағына қазіргі көркем әдеби мәтінінің авторының көркем образдың виртуалды кеңістігінің онтологиялық, эпистемиологиялық және аксиологиялық дәрежелерін іске асыру мүмкіндігі құрайды.

Сонымен қатар, көркем мәтінге филологиялық талдау жүргізу оның тиімділігін арттырады, сонымен бірге психологиялық тұрғыдан жайлы оқу ортасын қалыптастырады және, егер оқытудың жіктелуі үйренушілердің зияттық типін ескере жүргізілсе, студенттердің уәждемесін көтеруге септігін тигізеді.

Зерттеудің ғылыми тұжырымдамасына талдау барысында филологиялық тәсілдерді қолдануға әрекеттер жасалғандығы жатады, соның ішінде: екі шақтық жоспар орын алатын, яғни алдыңғысы соңғысын толтырып, іске асырылуын қамтамасыз етілуін көрсететін көркем әдеби мәтіндерінде ықтимал әлемдерді қалыптастыратын проспективті мағынасы бар тілдік бірліктерге талдау жүргізу. Басқа сөзбен айтқанда, біздің тараптан талданатын мәтіндер сюжетінде схема түрінде ықтимал әлемді қалыптастыруға мүмкіндігі жоғары, сонымен қатар туындыда образдың моральдік-өнегелілік сипаттамасы ретінде нақтыланатын аксиологиялық қырын айқындайтын, көркем әдебиет туындысының авторының идеялық ой- өрісін жеткізуге қатысатын проспективті мағына модельдері көрсетілген.

Зерттеудің ғылыми-методологиялық базасын функционалды-мағыналық зерттеулер аясында Г. Фреге, А. Киклевич, А.В. Бондарко, Е.В. Падучева, Е.Н. Широкова, В.Ю. Апресян, А.Д. Шмелев, Т.В. Булыгина, Л.К. Жаналина еңбектері; проспектива мәселесін зерттеуде Э.М. Рянская, Р.В. Федорова, Е.С. Маслова, В.А. Плугнянның ғылыми еңбектері негізге алынды; ықтимал әлемнің онтологиялық, эпистемологиялық және аксиологиялық

белгілері бойынша Вяч. Вс. Ивановтың, А. Вежбицкаяның, Н.Д. Арутюнованың, Э.В. Бардасованың, Е.Е. Бразговоскаяның, О.В. Емельяновaның С.Д. Левинаның, Е .Д. Луговаяның, Т.Р. Медведеваның, М.Ф. Мисниктің, Ю.С. Степановтың, З. Я. Тураеваның еңбектері қарастырылды; А. Киклевич, Г.А. Золотова, Л.О. Чернейко, Т.Б. Радбиль, Н.С. Новикова, Н.В. Черемисина, А.П. Бабушкин, С.Л. Михеева, О.В. Давыдова және т.б. көркем мәтіні негізінде ықтимал әлемге кескінделген проспективті мағынаны жүзеге асыруда тілдік құралдарға талдау жүргізілді.

А.А. Кирсанов, Е.С. Рабунской, И.М. Осмоловская, М.Н. Шахмаев, И.С. Якимская және т.б. әдіскерлердің зерттеулері жіктеп оқыту мәселесін айқындады.

Зерттеудің теориялық және практикалық негіздемесі.

Ғылыми-теориялық әдебиеттерге талдау жүргізу, көркем әдебиеттің тілдік құралдарын сараптау, функционалды-мағыналық зерттеулер саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау; проспектива мәселелерін қарастыру.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері деректі материалды талдауда әдіс-тәсілдер кешенін қолдануды талап етеді. Еңбекте жалпы ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылады, соның ішінде бақылау және бейнелеу тәсілдері; көркем әдеби мәтіндерінің жүйесінде ерекше құрастырылған тілдік белгілерді зерттеуді топшылайтын құрылымдық- мағыналық талдау тәсілі; функционалды талдау тәсілі; когнитивтік талдау; құрылымдық тәсілдер; статистикалық тәсілдер; герменевтикалық тәсілдер, тәжірибе жүргізу тәсілі (сынақ-тәжірибе жүргізу жұмыстарының белгілеу, қалыптастыру және бақылау кезеңіндерін өткізу).

Тәжірибелік әдіс-тәсілдер педагогикалық тәжірибені өткізуді, бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізуді қамтиды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы докторлық диссертацияда *алғашқы рет* қазіргі көркем әдеби мәтініндегі проспективті мағына кескіні арқылы ықтимал әлемді қайта құрудың жүйелі сипаттамасы жүзеге асырылғандығынан тұрады.

Сонымен қатар орыс тілін оқыту әдістемесінде *алғашқы рет* үйренушінің зияттық типін ескеретін креативті тұлғаның қалыптасуына бағытталған постмодернисттік әдебиеттің көркем әдебиетін филологиялық тұрғыдан талдау моделі ұсынылып отыр. Студенттердің оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру және көркем мәтіннің тілдік бірліктеріне мағыналық және лексика-грамматикалық талдау жүргізу арқылы автордың идеялық түпкі ойын түйсіну мақсатында лингвопсихологиялық әдіс сынақтан табысты өткізілді. Аталған әдіс қосымша осы зерттеудің ғылыми жаңалығының өзіндік лингвистикалық және дидактикалық аспектісін сипаттайды.

Аталған зерттеудің **теориялық маңыздылығы** проспективті мағынаның негізгі құрамдас бөлігі ретінде проспектив ұғымын тереңдетілгендігінен тұрады, сонымен қатар проспективтік категориясын, ықтимал әлем теориясын және олардың көркем әдебиет уақыты мәнмітіні аясында түсіндіруде өз үлесін қосады. Теориялық маңыздылығын айқындайтын факт – бұл зерттеу әрекеті уақыт (оның ішінде – проспектива) пен көркем әдеби мәтініндегі ықтимал әлем феноменін түсіндіру идеясын толықтырып, дамытады және ақтайды.

Диссертациялық еңбектің **практикалық маңыздылығы** еңбектің теориялық негіздемесі, сонымен қатар деректі материалдардан алынған мәліметтер стилистика, постмодернисттік әдебиет, мәтін лингвистикасы және ықтимал әлем мен уақыт лингвистикалық теориясы бойынша өткізілетін таңдамалы курстарда қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, талданған деректі материалдар және алынған нәтижелер бакалавриат деңгейінде «Мәтінді лингвистикалық талдау», «Орыс тілі стилистикасы», магистратура деңгейінде «Заманауи әдеби үдеріс», «Қазіргі тіл білімі құрылымы», «Тіл білімінің өзекті мәселелері», «Когнитивтік аспектідегі славян тілдері» пәндерін және докторантураның теориялық курстарын оқыту барысында қолдануға тиімді.

Диссертацияның материалдары қосымша орыс тілін оқыту әдістемесі курсында қолданыла алады.

Сонымен қатар проспективті мағына теориясы бойынша берілген қосымшалар мен анықтамаларды мағыналық сөздіктер мен түрлі тілдердің функционалды грамматикасын құрастыруда тиімді пайдалануға болады.

Қорғауға шығарылған ережелер:

1. Проспективті мағына модалдік, аспектуалдылық және футуралдық категорияларының мағыналық аймағына түрлі үйлесімділікте кірігетін құрамдас бөлшегі болып табылады. Ол тиімділік пен нәтижеге негізделіп жасалған іс-әрекетпен бірігіп болашақта жасалатын іс-әрекет үшін қолайлы жағдайды туғызу мағынасын береді. Аталған іс-әрекет жағымды және жағымсыз коннотацияға ие болуы мүмкін. Бұл мағынаның басым болатын құрылымдық-мағыналық элементі өзінің мазмұны бойынша ежелгі орыс тілінің шартты келер шағы мен Future Perfect шағындағы қазіргі ағылшын етістігіне сәйкес келетін тілдік бірлік ретіндегі проспектив болып табылады.

2. Проспективті мағына болашақта мүмкін болатын жағдайлар жиынтығын ықтимал әлем ретінде жіктейді. Оның құрамына кіретін «болашақ іс-әрекеттер үшін жасалған қолайлы жағдай» семасы ықтимал әлемдер жиынтығын виртуализациялау мағынасын береді; оның басқа міндетті семаларының бірі оны іске асыру барысындағы мүмкін болатын аспектілерінің футуралды іс-әрекет жоспары мағынасын көрсетеді.

3. Проспективке негізделген ықтимал әлемнің онтологиялық, эпистемиологиялық және аксиологиялық мағыналарын қайта көрсету автор тарапынан семиотикалық құралдар кешенін қолдану үйлесімі есебінен қазіргі көркем әдеби мәтінінде жүзеге асады. Онтологиялық мағына шығармаларда уақыт және кеңістік аясын ескеріп, қатарлас жарыспалы екі әлемді бейнелеу арқылы жүзеге асырылады. Эпистемиологиялық мағына ықтимал әлемге жобаланған проспективті автор тарапынан түсіндіру арқылы жүзеге асады; бұл түсіндірме қазіргі заманғы мәдени білімдерге негізделген. Аксиологиялық мағына бейнеленетін іс-әрекетерге баға беру мақсатында қолданылған мәнмәтіннің құрамындағы проспективтің коннотативтік бояуы арқылы іске асырылады.

4. Ықтимал әлемдерге жобаланған проспектив көркем әдеби туындының идеялық түпкі ойын іске асыруға қатысады. Ол футуралдық, аспектуалдық және модалдік мағыналар мәнмәтінінде ықтимал болатын болашақ

кейіпкерлерді эпистемиологиялық және аксиологиялық тұрғыдан айқындауға септігін тигізеді.

5. Үйренушілердің зияткерлік-парасаттық типін ескеруге негізделген көркем әдеби мәтінін филологиялық талдауға үйретуді жіктеу үйренушілердің аталған аналитикалық іс-әрекетінің сапасына тиімді ықпал жасайды, білім алуға психологиялық тұрғыдан жайлы ортаны қалыптастырады, себебі ол оқу үдерісімен байланысты теріс эмоциялық қобалжу деңгейін өзгертіп, теңестірілген нормаға жеткізеді, яғни студенттердің уәждену деңгейін көтереді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі.

Ғылыми нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігі, қорытындылар мен тұжырымдар талданған деректі материалдар мен қалыптасқан ұғымдық аппарат есебінен қамтамасыз етіледі және оны талдау үшін іріктелген зерттеу әдіс-тәсілдер кешені мен теориялық ережелердің зерттеу барысында алынған тәжірибе нәтижелеріне сәйкестігіне қарай дәйектемелер алынады.

Зерттеу нәтижелерін мақұлдау және тарату.

Диссертация материалдары 9 еңбек болып жарық көрді. Соның ішінде: ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне кіретін басылымдарда -1, SCOPUS дерекқорына кіретін халықаралық басылымда -1, республикалық және халықаралық конференциялар материалдарында, соның ішінде СиБАК басылымда, барлығы 5 мақала басылып шықты.

Ғылыми еңбектің құрылымы докторлық зерттеу жұмысының мақсатын мен міндеттеріне тікелей бағынады.

Диссертация Кіріспеден және 3 тараудан, әрбір тарау бойынша Тұжырымдардан, Қорытындыдан, қолданылған дереккөз Тізімінен және Қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің жұмысының өзектілігі негізделген; зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындалған; гипотеза белгіленген; зерттеу әдіс-тәсілдері көрсетілген; зерттеудің жаңалығы, теориялық және практикалық дәйектемесі анықталған және докторанттың жарық көрген еңбектерінің тізімі берілген.

Бірінші тарау «Проспективті мағына ықтимал әлемді іске асыру мәнмәтіні аясында» деп аталады және 4 тараушадан тұрады. Аталған тарауда диссертациялық жұмыстың ұғымдық аппараты жетілдірілген, соның ішінде лингвистикалық дереккөздерде аз қарастырылған «проспективті мағына», «проспектив» ұғымдарына түсініктеме берілген және ықтимал әлем ұғымына анықтамасы айқындалған.

Сонымен қатар бірінші тарауда функционалды грамматика теориясының негізгі ережелері когнитивті және коммуникативті лингвистика зерттеулерінің синергетикалық байланыстағы нәтижелерімен біріктіріліп зерттелген. Проспективті мағына орыс тілі жүйесінен асырыла ағылшын тілі етістігінің мағынасы фактілерімен қосарлана зерттеліп, мағыналық тұрғыдан қарастылырған. Осыған байланысты проспектив ұғымының негіздемесі бекітіліп, ағылшын тіліндегі етістік формаларының мағынасымен ұқсастығы анықталған, осы ұғымға мағынасы жақын келетін басқа ұғымдармен, соның ішінде «проспектив» ұғымымен айырмашылығы көрсетілген.

Футуралдылықтың мағыналық субкатегориясы ретінде қарастырылатын проспективте, ең алдымен, оның басты элементі проспективке ерекше көңіл бөлінеді және оны жеткізуде қолданылатын тілдік құралдар жиынтығы айқындалады.

Екінші тарау «Көркем әдеби мәтінінде ықтимал әлемді проспектив арқылы іске асыру» деп аталады және 4 тараушадан тұрады. Бұл тарауда Б. Акуниннің «Внеклассное чтение» романы, С. Алексиевичтің «Чернобыльская молитва» деректі-көркем прозасы, В. Пелевиннің «Принц Госплана», И. Одеговтың «Пуруша», М. Веллердің «Колечко» әңгімелері сияқты бүгінгі күннің жазушыларының әртүрлі жанрда жазылған туындыларында қолданылған әртүрлі тілдік құралдарға талдау жүргізілген.

Үшінші тарау «Үйренушілер зердесінің сан алуандығы теориясы негізінде көркем әдеби мәтінін филологиялық талдауға үйрету» деп аталады және бұл тарауда үйренушілер зердесінің сан алуандығы негізінде көркем әдеби мәтінін лингвистикалық талдауға үйрету әдісі берілген және жүргізілген педагогикалық тәжірибе арқылы ұсынылған әдіс-тәсілдің тиімділігі негізделген.

Әрбір тарау логикалық тұжырыммен аяқталады. Еңбектің соңында жалпы жұмыс бойынша қорытынды берілген.

Қолданылған дереккөз тізбесінде 161 атаудан тұратын пайдаланған әдебиеттер тізімі берілген.